

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы N 10/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 сәуірде N 2278 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 мамырдағы N 19/01 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің
17.05.2013 N 19/01 қаулысымен.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында, "Әкімшілік ресімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Зандарына, "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы N 1392 қаулысына сәйкес Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. "Саран қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) белгіленген занды тәртіпте бұқаралық ақпарат қуралдарында осы қаулының ресми жариялануын камтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары
Мейрам Мұратұлы Қожықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласының әкімі *C. Касимов*
Саран қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 28 ақпанды Н 10/02
қаулысымен бекітілген

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі - регламент) келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жергілікті атқарушы орган – "Саран қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- 2) құрылымдық-функционалдық бірліктер (ҚФБ) уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе оларға бағынысты жүйелер;
- 3) мемлекеттік қызметті алушы – жеке және заңды тұлғалар.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызметті жер участкесінің орналасқан жері бойынша мекенжайы осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген "Саран қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 49-1 бабының, "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы N 1392 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) жергілікті атқарушы органдың стенділерінде және бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады;

2) Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) www.auzr.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағышта жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру (бұдан әрі – шешім) немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, қызмет көрсетуден бас тарту

туралы уәжделген жазбаша жауап беру болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет алушы осы регламенттің 15-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік – 37 күн;

2) құжаттарды тапсыру және алу кезінде кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут;

3) құжаттарды тапсыру және алу кезінде қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут.

9. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

10. Жергілікті атқарушы органның жұмыс кестесі: күнделікті, дүйсенбіден жұма күнін қоса алғанда, сағат 13-00-ден 14-00-ге дейінгі тұсқі үзіліспен сағат 09-00-ден 18-00-ге дейін көрсетіледі, демалыс күндері: сенбі, жексенбі және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мереке күндері.

Құжаттарды қабылдау кезекке тұру тәртібімен алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет жергілікті атқарушы органның ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту орындары, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стенділер, өтініш бланкілері бар тағандар орналастырылады, физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар (пандус, лифт) көздөлген.

12. Құқықтық режимі, жер учаскесінің санатқа тиесілігі және жерді аймақтарға бөлуге сәйкес рұқсат етілген пайдалану негізінде нысаналы мақсатын езгертуге рұқсат беру мүмкін емес болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жөнінде жазбаша хабардар тартылады.

Осы регламенттің 15-тармағында көрсетілген тиісті құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет алушының құжаттарды тапсырған күнінен бастап екі жұмыс күнінен аспайтын уақытта мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөнінде жазбаша хабардар етеді.

Жергілікті атқарушы орган белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алушыға шешім немесе қызмет беруден бас тарту туралы уәжделген жауап бермеген жағдайда, онда беру мерзімінің өткен күнінен бастап шешім берілді деп есептеледі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушыдан өтініш алған сәттен бастап мемлекеттік қызмет қорытындысын берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы жергілікті атқарушы органға өтініш береді;

2) жергілікті атқарушы орган кеңесінің қызметкері мемлекеттік қызметті алушыға өтініш бланкін береді және өтінішті қабылдайды;

3) жергілікті атқарушы органның уәкілетті тұлғасы құжаттар пакетін қабылдайды, оларды тіркеу үшін жергілікті атқарушы орган кеңесінің қызметкеріне береді;

4) жергілікті атқарушы орган кеңесінің қызметкері өтінішті және құжаттарды тіркеу журналында тіркейді және мемлекеттік қызметті алушыға құжаттарды алғандығы туралы қолхат береді;

5) жергілікті атқарушы орган кеңесінің қызметкері шешімді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауапты тіркейді және мемлекеттік қызметті алушыға немесе сенімхат бойынша уәкілетті тұлғаға беріледі;

6) жергілікті атқарушы органның уәкілетті тұлғасы осы регламенттің 15-тармағында көрсетілген тиісті құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда, мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептері жөнінде жазбаша хабарлама береді.

14. Жергілікті атқарушы органды мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын ең аз тұлғалар саны бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әрекет ету (өзара әрекет ету) тәртібінің сипаттамасы

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:

1) осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жер участкесіне құқықты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) жер участкесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі;

4) салықтық қарыздың жоқтығы туралы салық органдарынан анықтама;

5) жер участкесіне ауырталықтардың жоқтығы туралы әділет органдарынан анықтама;

6) жер участкесінің кадастрық (бағалау) құнын анықтау актісі (қажет болғанда);

7) елді мекеннің бас жоспарына сәйкес құрылыс объектілерін салған жағдайда, жылжымайтын мұліктердің әр бүрынғы меншік иесімен жер участкесін

сатып алу бойынша жасалған келісім шарттың көшірмелері (қажет болғанда);

8) жылжымайтын мұлік объектісіне құқықты куәландыратын құжаттың көшірмесі (қажет болғанда);

9) жылжымайтын мұлік объектісінің техникалық төлқұжаты (қажет болғанда);

10) мемлекеттік қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не мемлекеттік қызмет алушының атынан берілген сенімхаттың және сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлғаға;

11) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі, заңды тұлғаның өкілеттігін куәландыратын құжат және мемлекеттік қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – заңды тұлғаларға.

Құжаттардың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың тұпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

16. Өтініш бланкілері мекенжайлары және телефондары осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген, жергілікті атқарушы органның кеңсе қызметкерлерімен беріледі.

17. Құжаттарды қабылдау осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлары бойынша жергілікті атқарушы органның уәкілетті тұлғасымен жүзеге асырылады.

18. Жергілікті атқарушы органның кеңесінің қызметкерімен мемлекеттік қызмет алушыға осы регламенттің 1-тармағында көрсетілген құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) өтініштің нөмірі және қабылданған күні;
- 2) сұрау салынған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;

5) мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, екесінің аты мен лауазымы көрсетіледі.

19. Шешім мемлекеттік қызмет алушының жеке өзіне немесе сенімхатпен уәкілетті тұлғаға беріледі.

20. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатысады:

- 1) жергілікті атқарушы органның уәкілетті тұлғасы;
- 2) жергілікті атқарушы орган кеңесінің қызметкери.

21. Эр әкімшілік іс-әрекеттің (рәсімді) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттері (рәсімдерінің) дәйектілігінің және өзара іс-қимыл етуінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламентке 3-қосымшада келтірілген.

22. Мемлекеттік қызмет көрсетеу үдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттер және ҚФБ қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схема осы регламентке 4-қосымшада келтірілген.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

23. Мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін жергілікті атқарушы органның басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлға) жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызметті көрсетудің сапасына және іске асыруға жауапты болады.

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсетеу 1-қосымша

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсетеу бойынша жергілікті атқарушы органның мекенжайы

Мемлекеттік қызмет көрсетеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның атауы	Орналасқан жері, мекенжайы, электрондық мекенжайы	Байланыс телефоны
1	2	3
"Саран қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	101200, Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 67, N 308 кабинет Sar_apparat@krg.gov.kz	8 (72137) 25481, 25178

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет көрсетеу 2-қосымша
Облыс әкіміне (облыс, қала, аудан)

(тегі, аты, әкесінің аты)
кімнен

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

немесе занды тұлғаның толық атауы)

ИИН/БИН

(жеке немесе занды тұлғаның куәландыратын
 құжаттарының деректемелері, жеке күелігі,
 мекенжайы, телефоны)

Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беруге өтініш

Сізден менің жеке меншігімдегі (жер пайдаланудағы) _____
 мекенжайында орналасқан, кадастрық нөмірі _____ жер участкесінің нысаналы мақсатын нысаналы мақсатына

(нысаналы мақсатын өзгерту қажеттілігінін себебін көрсету)
 байланысты өзгертуді сұраймын.

Күні _____ Өтініш беруші _____
 (жеке не уәкілетті тұлғаның тегі, аты,

әкесінің аты немесе занды тұлғаның

атауы қолы)

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

Әр әкімшілік іс-әрекеттің орындалу мерзімін көрсетіп әр ҚФБ әкімшілік іс-әрекеттерінің дәйектілігінің және өзара іс-қимылышының мәтіндік кестелік сипаттамасы


1 кесте. ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

p/r	Негізгі үдерістің іс-әрекеттері (жұмыс барысы, ағыны)				
1.	Iс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) N	1	2	3	4
2.	ҚФБ атауы	Жергілікті атқаруши орган кеңсесінің қызметкері	Жергілікті атқаруши органның уәкілетті тұлғасы	Жергілікті атқаруши орган кеңсесінің қызметкері	Жергілікті атқаруши орган кеңсесінің қызметкері

3.	Іс әрекеттің (ұдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Өтініш бланкін беру	Құжаттарды қабылдау	Отінішті және құжаттарды тіркеу журналында тіркеу	Шешімдің мемлекеттік қызметтерден бас туралы уәждел жауапты тіркеу
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар)	Өтінішті қабылдау	Құжаттарды тіркеу үшін жергілікті атқарушы орган кеңесінің қызметкеріне беру	Мемлекеттік қызметті алушыға құжаттарды алғандығы туралы қолхат беру	Шешімдің мемлекеттік қызметтерден бас туралы уәждел жауапты тіркеу және мемлекеттік қызметті алуш немесе сенімді бойынша уәкіл тұлғага беру
5.	Орындау мерзімдері	15 минуттан көп емес	15 минуттан көп емес	15 минуттан көп емес	36 жұмыс күні
6.	Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) N		5		
7.	Іс-әрекеттің (ұдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы		Осы регламенттің 15 -тармағында көрсетілген тиісті құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда, мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептері жөнінде жазбаша хабарлау		
8.	Аяқтау нысаны (деректер, құжаттар, ұйымдастыруышылық-өкімдік шешім)		Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден жазбаша бас тартуды беру		
9.	Орындау мерзімдері		2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде		

"Жер участкесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсету ұдерісіндегі әкімшілік іс-әрекеттер және
ҚФБ қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін схема**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК